

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ РЕТІНДЕ»

Досжанова Алмагуль Асылкановна
учитель казахского языка и литературы,
Тулепбергенова Маншук Ермуханбетовна
КГУ «Средняя школа №18»
г.Рудный

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Заман өзгерген сайын жас ұрпақ тәрбиесі да өзгере бастады. Жас ұрпақтар тарихи құндылықтар мен рухани қасиеттерге ұмтылып, өздерін өмір сүріп отырған заманға лайықтай білсе, көңілдегі көксеген мұратына қол жеткізу қиын болмайтын еді.

Аннотация

Актуальность. Цель. Наш народ большое и особое внимание уделял воспитанию подрастающего поколения. Меняется время, меняется и воспитание нового поколения. Если бы подрастающее поколение ценили исторические ценности, уважали культуру, стремились к духовным ценностям, то им не сложно было бы достичь успехов в современном мире.

Abstract

Relevance. Goal. Our people attended pig and special attention. Son upbringing growing generation. Time is changed and upbninging is changed of neu generation. If growing generation appreciate nistonicalialuesperpectea the culture strived. Sorspinitualvalues they would be easy to reach a success in modern world

Түйінді сөздер: білім, тәрбие, жаңғыру, құндылық, даму, бағыт, рухани

Ключевые слова: образование, воспитание, возраждение, ценность, развивать, направлять, духовность

Keywords: Education, upbringing, to renaissance, value, to deuelop, to guide, spinituality

Заманауи білім берудің міндеті - жас ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастыру.

«Болашақта өркениетті дамыған елдің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» - деп елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай шәкірттерімізді заман талабына сай білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамның жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру көзделіп отыр. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны екерше. Қазіргі білім берудің мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай тұлға қалыптастыру болып табылады. Осыған орай және уақыт талабына сай білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа білім беру жүйесі оқушыны өзін - өзі тану, өзін - өзі өзектендіру, өзін - өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Яғни мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен

салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген.

Еліміздің елдігін танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ. Сондықтан да еліміздің болашағы жас жеткіншектің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Жастарды оқыту, тәрбиелеу, білім-білік деңгейлерін көтеру олардың өмір сүруін ұйымдастырудың барлық жүйесінде басты орын алады. Заман ағымына орай, ақыл-ойы озық, білімі мен ұлттық рухы күшті, өзін еркін ұстай алатын тұлға тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Баланы жастан демекші, бала тәрбиесіне ата- ана дүние есігін ашқаннан бастап көңіл бөлуі керек. Ал мектепте ұстаздар әр баланы жеке тұлға ретінде рухани адамгершілігі мол етіп тәрбиелейді. Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыда азамат болып қалыптасуы, ұзақ мерзімді оқу-тәрбиенің негізінде білім мен тәрбие негіздерін игерту ордасы – мектепте өтеді. Мектеп қабырғасында игерілетін білім мазмұны, оқушылардың ғылым негіздерімен қоса тәрбие заңдылықтарын да қамтиды. Қазіргі уақытта жаңа ұрпақты тәрбиелеуде рухани, адамгершілік және тән денсаулығын қалыптастыруға мән беріледі, жаңа үлгідегі азаматтарды нағыз патриоттар етіп тәрбиелеу, зияткер әлеуетке ие және өз бетінше ойлайтын, белсенді, қабілетті, және адамгершілік қағидасы бар азамат етіп тәрбиелеу болып табылады.

Адамгершілікке тәрбиелеу бастауыш сынып оқушыларынан басталады, мұғалімнің балаларға деген қатынасы, отбасының балаға бөлген көңілі. Адам бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі тәрбиеге, өскен ортаға байланысты деп түсінген халық: «тәрбиесін тапса, адам болар, оқуын тапса, білім қонар» деп, тәлім-тәрбие, оқу-білім мәселелеріне үлкен мән берген. Бала бойына адамгершілік қасиеттер сабақ үстінде мұғаліммен және құрбы - құрдасымен үнемі қарым-қатынаста қалыптасады. Жас жеткіншек ұрпақтарды жастайынан іскерлікке, ептілікке, башылдыққа тәрбиелей отырып жаны мен тәнінің бірдей жетілуіне мән беру қажет. Абай атамыз былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Қазақстан жаңару үстінде. Ұрпағымызға өнегелі тәрбие беруде, білім мен өнерге деген құштарлығын арттыруда өз халқының беделін көтеріп, барын бағалап, жоғын жоқтауына ата-бабаларымыздың тәлім тәрбиелері зор ықпал етеді. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі- жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық»- деп атап көрсеткен.

Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне

айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат ету маңызды.

Бұл орайда, ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан жастардың рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақкөңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін болуы шарт.

Қазіргі адамзат баласы бастан кешіріп отырған тез арадағы өзгермелілік, ғаламдану, коммуникациялық құралдардың қарқынды даму дәуірі өмір салтын, қарым-қатынас пен ойлауды өзгертуге әкелді. Ал мұның өзі игіліктерге қол жеткізудің жанаша әдіс-тәсілдерін ашуға мүмкіндіктер береді. Мұндай жағдай адам интеллектісін, оның қабілетін қайта жасаушы, жасампаздық әрекеттерге бағыттайды. Ендеше жеке тұлға өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге бейімделіп қана қоймай, шынайы өмірге белсенді ықпал ете алатын, өмірді жақсартуға, кемелдендіруге атсалысатын тұлға болуы тиіс.

Еліміздің болашағы жастардың лайықты білім-тәрбие алуына мектеп, отбасы, қоғам-үштігінің бірлесе әрекет етуі арқасында ғана қол жеткізілетін жетістік екендігін шынайы түрде мойындап, нақты іске көшетін уақыт жетті. Болашақ жастарды қайтсек жаман әдет-қылықтан аулақ қылып, рухани-адамгершілік қасиеті жоғары, рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейірімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында “ұят”, “ар”, “намыс” секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады. Білімді, тәлімді азаматтар тәрбиелейміз десек, оған қоғам болып атсалысуымыз қажет, әрбір қазақстандық тұрғынды қазіргі өсіп келе жатқан жастардың ой-талғамы, өрескел әдет-қылығы бейжай қалдырмауы керек. Көршінің баласына да өзіңдікіндей қарап, жанашырлықпен жөн сілтеп отырғанда ғана тәрбие жұмысы өз нәтижесін береді.

Елбасы көздеген бағыттарға қазақстанның әр азаматы лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда.

Ұлы ойшыл, кемеңгер Әбу-Насыр әл-Фараби “Адамдар бақытты болуы үшін біріне бірі көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болады. Халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отырған қоғам да ізгі қоғам болады. Қалалардың бәрі бақытқа жету жолында біріне бірі көмектесіп тұратын халық ізгі халық болады. Сол сияқты, халықтардың бәрі бақытқа ұмтылып, біріне бірі көмектесіп отырса, бүкіл жер жүзі ізгі болар еді” дегендей, осы асыл мұраларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, білім беру ұйымдарынан бастау алған рухани - адамгершілік тәрбиесін қоғамның барлық саласына енгізген сайын егемен еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы.

Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Жастарға рухани тәрбие, білім беру адам дамуының тәндік, жандық, рухани үйлесімділігін, өмірді құндылық деп түсінуін өзін Жаратқанмен, табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуін, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді

қамтамасыз етеді. Рухани тәрбие адамның ізгілік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелейді, адамның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмірдің күрделілігін түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Әр адам өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өздігінен оқуға ұмтылуы тиіс.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев: «Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» деген болатын. Жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту- заман талабы. Келешек ұрпағымыздың бойында адамгершіліктің алтын арқауы рухани құндылықтарымызды дарыта біліп, өркениетті еліміздің рухы биік, адамгершілік қасиеттері жоғары азаматтарды тәрбиелеуге ат салысып, еліміздің болашағы жарқын болсын деген тілектеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Нүсіпоқасұлы. «Тал бесіктен жер бесікке дейін». – Өнер 21-ғасыр, 2014.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2001. 3 том. 398 б.
3. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006. 176 б.

МОДЕРНИЗАЦИЯ СОЗНАНИЯ: ВОСПИТАНИЕ УМЕНИЯ УЧИТЬСЯ

Едревская Л.В.

учитель русского языка и литературы
ГУ «Средняя школа № 22
ОО акимата г. Костаная»

Аннотация

Өзектілігі. Осы мақаланың өзектілігі қазіргі заманғы мұғалімнің жұмысындағы ықтимал қауіптерді нақты анықтау. Білім мазмұнын жаңарту контексінде білім берудің басты мақсаты өзін-өзі жүзеге асыру, тәуелсіздік және ойлаудың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Мақсаты: қоғамдық сананы жаңғыртудың қазіргі кезеңінде оқушыларды тәрбиелеу мәселесіне назар аударту.

Аннотация

Актуальность данной статьи заключается в точном определении потенциальных рисков в работе современного педагога. В условиях обновления содержания образования основной целью воспитания становится выработка навыков самореализации, самостоятельности и креативности мышления.

Цель статьи: привлечь внимание к проблеме воспитания школьников на современном этапе модернизации общественного сознания.

Abstract

Relevance. The relevance of this article is to accurately identify the potential risks in the work of a modern teacher. In the context of updating the content of education, the main goal of education is the development of skills for self-realization, independence and creativity of thinking.

Goal. draw attention to the problem of educating schoolchildren at the modern stage of modernization of public consciousness.

Түйінді сөздер: сананы жаңғырту, тәрбиелеу, тәуелсіздік, өзін-өзі жүзеге асыру

Ключевые слова: модернизация сознания, воспитание, самостоятельность, самореализация

Keywords: modernization of consciousness, upbringing, independence, self-realization

Н.А. Назарбаев в ежегодном Послании народу Казахстана от 10 января 2018 г. отметил, что идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свои